



БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№2 (152) 2021 жыл
Ақпан
Февраль

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006
года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

М. Орманова	
Жобалаудан танымдық ізденіске бағыт.....	3
О. Мұсабеков	
Оқу сауаттылығын дамыту – психологиялық проблема.....	6
Ж. Табыспаева	
Педагог қызметкерлердің кәсіби біліктілігін көтеру жолдары.....	9
Г. Төлеген	
Оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын арттыруда химия тапсырмаларын орындау ерекшеліктері.....	12
А. Тасимова	
Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық идеялары.....	14
Б. Баймуратова	
Кәсіпке баулу.....	16
Э. Жаныбекова	
Сабақты зерттеу (Lesson Study) – мұғалімнің кәсіби білімін үздіксіз жетілдірудің тиімді әдістерінің бірі.....	17
Г. Жадыева	
Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын көтерудің тиімді жолдары.....	19
К. Жаныбекова	
Қазақ тілі сабағында грамматикалық нормаларды оқытудың әдіс-тәсілдері.....	21
Н. Жакипбекова	
Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің кіріктіріліп оқытудағы маңыздылығы.....	24
A. Shakuliyeva	
Improving students' listening skills by distinguishing, differentiating and understanding unfamiliar phrases from the talk.....	26
А. Тулепбергенова	
Health problems.....	30
С. Джаулыбаева	
Бір немесе өзара перпендикуляр екі және үш проекция жазықтығына проекциялау.....	32
А. Мамбетова	
Что такое дистанционное обучение? Как себя вести во время карантина?.....	33
А. Кармалиева	
Берегите природу!.....	35
С. Агибаева	
Наречие. Значение и грамматические особенности наречий.....	38
А. Жаныбекова	
Бастауыш сыныпта функционалдық сауаттылықты арттырудың жолдары.....	40
Э. Баймуханова	
Счёт в прямом и обратном порядке.....	42

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10965-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
05.02.2021 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 05.02.2021 г.

Печать офсетная.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».


Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Жобалаудан танымдық ізденіске бағыт



**Мария Айтбайқызы
ОРМАНОВА,
Өрлеу» БАҰО»
АҚ филиалы
Қызылорда облысы
бойынша ПҚ БАИ
аға оқытушысы,
Халықаралық RWCT
тренері, п.ғ.м.
Қызылорда қаласы.**

XXI ғасыр — білімділердің бәсекеге қабілеттіліктерін арттыратын жан-жақты даму ғасыры. Ғасыр күнпарағындағы бәсекелестік ақпараттарға мектеп оқушыларының ілесуі мен қазіргі заманда және келешекте табысқа қол жеткізуі үшін анағұрлым көп дағдыларды меңгеруі қажет екенін көрсетеді. Сондықтан табыстылықтың бастауында ерте жастан зерттеу бағытындағы ізденістермен танымдылық деңгейін кеңейтудің маңызы ерекше болмақ.

Білім беру елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегиясы жобалаудан танымдық ізденіске бағыттау болып табылады. Бүгінде бүкіл әлем келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселені қайта қарауда. Осы мәселе аясында «XXI ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» сауалы туындайды. Бұл сұрақтардың жауаптары барлық оқушылардың өздері өмір сүретін әлемде Тұлға болып қалыптасуының іргетасы мектеп қабырғасынан бастау алары сөзсіз. Оқушылар оқу арқылы мәдени, эмоциялық, зияткерлік, әлеуметтік және рухани жағынан дамуға мүмкіндік алады. Сондықтан да оқушыларды жан-жақты дамыту

үшін қосымша зерттеу жұмыстарымен айналыстыру маңызды.

Жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыруда қолданылатын тәсілдер — оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру, жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдалану тәсілі. Құндылыққа бағдарланған тәсіл оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Бұл тәсіл қазақстандық патриотизмді, толеранттылықты, өз елінің өткен тарихына, ата-бабалардың әдебиеті мен мәдениетіне, әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көздейді [МАН, 21-б]. Бұл ел болашағының білімді де тәрбиелі, жан-жақты дамыған тұлғаның қалыптасуында оқулықтарындағы дайын білімнің аздық ететінін, ол үшін оқушылардың жеке ізденістері, ғылымға, зерттеушілікке ұмтылыстарын, қызығушылықтарын оятудың қажеттілігін көрсетеді.

Қандай да бір зерттеу жұмыстары проблемалардан туындайды. «Проблема» — ескі грек сөзі. Олай болса, өзімізді қоршаған ортаның өзінде қаншама проблема бар. Оны байқау, аңғару үшін зерделілік, саралау және сыни ойлау дағдылары қалыптасу керек. Осы мақсатта Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өскелең ұрпаққа атадан балаға мирас болып келе жатқан отбасы құндылықтарын дәріптеу, насихаттау мақсатында жас зерттеушілердің облыстық online жоба жазу сайысын ұйымдастырды.

Сайыс мақсаты Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптас-



тыруға ықпал ету; оқушылардың ұлттық рухани мәдениетімізді тануға деген зерттеу жұмыстарын қолдау, ынталандыру; жәдігерлер арқылы отбасы мәдени ресурстарының дамуы туралы мәліметтерді жас зерттеушілер көзқарасымен зерделеу; отбасы шежіресін, тарихын танып білуге, құрметтеуге балалар мен жасөспірімдердің қызығушылықтарын арттыру, ұлттық санасын қалыптастыру болып табылады. Жоба сайысына қатысқан жалпы білім беру ұйымдарының 5-8-сынып оқушылары дайындаған зерттеу жұмыстарының берері мол болды. Атадан балаға мирас болып келе жатқан отбасы құндылықтарын дәріптеу, ұлттық рухани мәдениетке деген көзқарастарына ықпал ету, отбасы шежіресін танып білуге, құрметтеуге баулу — кемел келешек үшін маңызды іс. Қорғауға келіп түскен 114 жұмыс іріктеуден өтіп, нәтижесінде 17 (он жеті) жас зерттеуші ZOOM платформасында өз жұмысын қорғады. Зерттеу жұмыстарын педагогика ғылымдарының кандидаты Ә. Жақыпова, облыстық «Сыр бойы» газетінің арнаулы тілшісі Ғ. Әбілда, облыстық, қалалық мұражай қызметкерлерінен құралған сарапшылар бағалады. Негізгі мақсат отбасы құндылықтарын насихаттау болғандықтан да зерттеушінің жәдігердің тарихын және оның бүгінгі қолданыстағы маңызына тоқталуына; отбасы мүшелерінің ықпалына және қорғаушының ізденіске деген өзіндік көзқарастары бағаланды.

Жалағаш ауданындағы №116 орта мектептің 5-сынып оқушысы Төрехан Айтбайдың жұмысына тоқталмақпыз. Жоба жетекшісі — Жалғасова Шара, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Біздің отбасымыздағы 90 жылдық та-

рихы бар бұл үтік төртінші ұрпақтың қолында. Үтік тарихы 1904 жылы Ташкент-Орынбор теміржол желісі іске қосылуымен байланысты. Сол үлкен құрылысқа әжем елу жылға таяу ұстаздық еткен Сәндү әжемнің әкесі Кетебайұлы Ақдәулет атам қатысып, қазіргі Жалағаш ауданындағы алтыншы бекетте теміржолшы болып қызмет еткен. Заманында атам көзі



ашық, сауатты кісі болған. Баласы Нұрмағамбеттің зеректігін байқап, келешегін ойлап, көкемді Қызылорда қаласындағы орыс мектебіне оқуға берген.

Әжем шойыннан не қоладан құйылған шоқпен қыздырылатын бұл үтікті аса көп пайдаланған. Салмағы ауыр, бірақ өте тез суып қалады. Үтіктің сабы ағаштан жасалған. Оның көмір салуға және түтін шығуға арналған арнайы тесігі бар. Анашым, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Шара Жалғасова төрт ұрпақ тұтынған үтікпен қалай жұмыс жасау технологиясын түсіндіріп берді. Кез келген ағашты үтікті қыздыру үшін пайдалана алмайды екенбіз. Оған шоғы қызулы жергілікті қарабарақ немесе сексеуіл ағаштарын пайдалану керек екен. Анашымның үтікті қыздыру мақсатындағы әрекеттеріне қарап, ата-бабамыздың керемет жаңалықтардың негізін қалаушы болғаны мені қатты қызықтырды. Жоба дайындауда әкемнің ата-әжелеріміз жайында өткен тарихымызды еске алып айтып бергені, анамның тәжірибе түрінде от жағып шоқ үтікті қыздырғаны, ал бауырларымның сәттіліктер тілеуі — на-



ғыз бақытты отбасының ынтымағы мен жәдірігері, құндылығы, - деп білемін. Мен өз тарихы бар отбасымды сүйемін. Отан отбасын сүюден басталады.

Кейде әкем Сәрсенбай жарық болмай қалған кезде талай киімімізді үтіктегенбіз, - деп анасын есіне алып толқыса, ал менің әңгімешіл, жүзінен мейірім төгілген Сәндү әжемді сағынып, көзіме жас келеді. Әжем өмірінің соңына дейін тігін тіккенде мата жылжып кетпес үшін үтікті бастырып отыру үшін пайдаланды. Біз қазір отбасымыздың жәдігері шоқ үтікпен киім үтіктемесек те атадан қалған мұра ретінде қастерлеп келеміз.

Балам, жадыға жақсылап түйіп ал. Отан отбасынан басталады. Екі ұғымның да «от» сөзінен басталуының мағынасы – әрбір шаңырақтың іргетасы түтінінің түзу ұшуы мен қазанының қайнауынан бастау алады. Ата-бабамыз «отынды өшірме», деген ұлағатты ой қалдырған. Бұл үтік төртінші ұрпақ сендердің қолдарында тұр. Бұл жәдігерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – біз үшін аманат, - деген аманның көзінде үлкен бір жауапкершілікті сезін деген көзқарас тұрды. Отбасы жәдігері менің қызығушылығымды тудырып, үтіктер тарихымен танысуыма ықпал етті.

1. I ғасырда жазық жылтыр металдарды сумен қыздыра үтіктеу Қытайда қолданыла бастаған;

2. Үтіктеудің принциптері Көне Юнанстанда IV ғасырда пайда бола бастаған;

3. XI ғасырда М. Қашқари еңбегінде «ҮТҮК – күрек пішінді бір темір құрал, киімнің қыртыстарын жазу үшін оны қыздырып киімді бастыра сылайды», - деп жазылған;

4. Алғашқы электрлі үтікті 1882 жылы Генри Силей ойлап тапқан. Ол өз үтігін

Нью Йоркте 1882 жылы маусымда патенттеді. (Патент нөмірі 259,054). Оның үтігі 15 поунд болып ұзақ қызатын;

5. XVIII ғасырда адамдар үтікті қалыпқа құю арқылы жасай бастады. Арнайы үтік жасауға арналған құралдар мен зауыттар пайда болған;

6. XIX ғасырда француздар арнайы ыдысқа шоқ немесе ыстық көмір салу арқылы киім үтіктеген. Кейіннен шеберлер үтіктерді күмістен жасай бастаған;

7. XX ғасырдың 60-жылдарына дейін шоқ үтіктермен қатар тоқ үтіктер қажеттілікке қарай қолданылған;

8. XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап, тоқ үтіктер еркін қолданысқа енген.

Зерттеу жұмысы мен үшін өте маңызды болды. Әжемнен қалған аманатты күтіп сақтау-аманат. Аманатты түсінумен қатар отбасының құнды жәдігерлерін көзден тасалап, далаға немесе сарайға лақтырып тастамай сақтау өзіміздің ата-тегімізге деген құрмет болып табылады. Біздер, үлкендер естелігі арқылы болашақта тың жаңалықтар ойлап табуымызға да болады екен, - деген ой түйіндедім.

Иә, жас зерттеушінің айтар ойы, өзіндік көзқарасы бар.

Бүгінгі қолданыстағы Жаңартылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теориясына негізделеді. Сондықтан ғылыми жоба жазу дағдысын қалыптастыруды жобалық зерттеуден бастау тиімді деген ой білдіреміз. Ж. Аймауытовтың «жұмыстау негізіне баланың бұрынғы өз тәжірибесі, перне қоры, мағлұматы салынып, дәл айтқанда, балаға танымал жақын нәрседен басталғаны абзал», - деген қағидасына сүйене ойымызды қорытындыламақпыз.



Оқу сауаттылығын дамыту - психологиялық проблема

Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов PISA зерттеулерінің нәтижелері бойынша Қазақстан оқушылары оқу сауаттылығы жағынан Экономикалық ынтымақтас-тық және даму ұйымына мүше елдеріндегі өз қатарластарынан едәуір артта қалып отырғанын айтты. «Бұл – бүгін ғана белгілі болған проблема емес, жылдар бойы қордаланған мәселе. Біздің балаларымыз кітапты оқуға келгенде жалқаулық танытатыны бір бөлек, кейде оқыған мәтінді нашар түсініп, дұрыс қабылдай алмайды. Оған қоса талдау және қорытынды жасау дағдылары да ақсап тұр» деді ол [1].

«Оқу сауаттылығы» термині және онымен байланысты сөз тіркестері қазір ақпарат көздерінде жиі қолданылып жүр. Қазақ тіліндегі интернет көздерінде оқу сауаттылығымен байланысты мынадай сөз тіркестері жиі кездеседі: оқу сауаттылығы бойынша тест сұрақтары, қазақ тілі мен әдебиеті пәні ішінде оқу сауаттылығы бойынша тапсырмалар, қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту, оқушыларды оқу сауаттылығы арқылы жазба мәтіндерді түсінуге және қолдана білуге дағдыландыру және т.б.

Мемлекеттік деңгейдегі мәні бар оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мәселесін шешу үшін «оқу сауаттылығы» терминінің мәнін, яғни осы

термин белгілеп тұрған ұғымды білу керек. ҚР білім туралы заңында пайдаланылатын негізгі ұғымдар қатарында «оқу сауаттылығы» немесе «сауаттылық» ұғымдары кездеспейді. Осы ұғымға қатысты көздердің бірінде оқу сауаттылығы оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін оқу барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі ретінде қарастырылған [2].

PISA зерттеулерінде оқу сауаттылығы деп адамның мына қабілеттіліктерін айтады:

- жазбаша мәтіндерді түсінуі және пайдалануы, олар туралы ойлауы және өз мақсаттарына жету үшін оқумен айналысуы;

- өз білімдері мен мүмкіндіктерін кеңейтуі, әлеуметтік өмірге қатысуы.

Мұндағы жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ойлау және өз мақсаттарына жету үшін оқумен айналысу ойлау амалдарына жатады. Түсіну – ойлау тәсілі, яғни психологиялық процесс. Түсіну – ойлау әрекетінің нәтижесінде белгілі бір оқиғаның немесе құбылыстың мағынасы жайлы ой-тұжырымға келу [3]. Түсіну – бұл жаңа мазмұнды игерумен, оны қалыптасқан идеялар мен идеялар жүйесіне енгізумен байланысты ойлаудың әмбебап тәсілі.

Белгілі психолог Л.Н. Ланда оқудың қиындықтары көбінесе оқушылардың



«ойлай алмайтындығымен», «пайымдай алмайтындығымен» байланысты екендігін айтады [4]. Сонымен қатар, автор көптеген мұғалімдер оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға жеткілікті көңіл бөлмейтіндігін, олар тиісті оқыту әдістерін де игермегендігін айтады.

Демек, түсіну дегеніміз – ойдың бір нәрсенің мәніне ену процесі. Түсіну объектісі кез келген нәрсе, құбылыс, факт, жағдай, әрекет, адамдардың сөйлеуі, әдебиет пен өнер туындысы, ғылыми теория және т.б. болуы мүмкін. Бір-бірінен түбегейлі ерекшеленетін білімнің екі түрі бар: сыртқы әлемнің нәрселері мен құбылыстары туралы білімдер және олармен жасалуы тиіс әрекеттер туралы білімдер [4]. Сонымен қатар, соңғы түрдегі білім практикалық әрекеттерге де, ақыл-ой әрекеттеріне де қатысты болуы мүмкін. Қазіргі оқытудың маңызды кемшіліктерінің бірі – оқушыларды негізінен бірінші текті білімдерге басымырақ оқытып, екінші текті білімдерге жеткіліксіз оқытатындығы.

Жазбаша мәтін туралы тіл білімі саласында жинақталған білімдер мынадай. Жазбаша мәтінде оны құраушы бірліктердің арасындағы байланыстырушы элементтер айқын білініп, формалды көрсеткіштері мүмкіндігінше, толыққанды болуға, логикалық ой желісі үзілмей, сақталып отыруға, лексикалық құнарлылығы терең болып, басқа да тілдік формалардың мол болуына мүмкіндік беретіндей күйде жасалады. Сонымен жазбаша мәтін туралы білімдерді, яғни бірінші текті басымырақ оқытылатын білімдерді оқушылар жеңілдірек игереді. PISA зерттеулеріндегі

оқу сауаттылығы үшін бұл жеткіліксіз, оқушылар жазбаша мәтінмен жасалуы тиіс әрекеттер туралы білімдерді – оқып үйренуі қиын екінші текті білімдерді игеруі тиіс. Оның қиындығын немен түсіндіруге болады.

Бұл оқушыларға негізінен білім беріп, ақыл-ой әрекеттеріне үйретпейтіндігімен түсіндіруге болады. Мұның себебі – белгілі бір есептерді шешуді құрайтын ойлау операцияларын мұғалімдердің өздері білмеуінде және тиімді оқыту үшін бұл операцияларды анықтап, оларға арнайы оқыту керек екенін түсінбеуінде. Проблемаларды шешу кезінде жасалатын ақыл-ой іс-әрекеттерін (ойлау тәсілдерін, амалдарын, операцияларын) көбінесе бұл әрекеттерді үйретуі тиіс мұғалімдердің өздері де білмейтіндігінде [4, 10 б.].

Психологтар оқу кезінде ондаған адамдардың ойлау процесін тәжірибе арқылы зерттеді. Бұл оқығанды түсінудің тереңдігі мен айқындылығын еріксіз талап етеді, атап айтқанда есте сақтау керек мәтінді оқығанда (механикалық түрде есте сақтау емес, қажет болған кезде еркін еске түсіру үшін есте сақтау керек). Психологтар эксперимент барысында олар мәтінді толығымен және барлық егжей-тегжейлерде терең түсіну үшін адам белгілі бір ойлау әдістеріне жүгінетінін анықтады [5]. Жазбаша мәтінді, яғни түсіну объектісін басқару әдістері дегеніміз осы. Олармен жасалуы тиіс әрекеттер туралы білімдер дегеніміз жазбаша мәтінді оқу, яғни оны түсіну ақыл-ой әрекеттері болып табылады. Сондықтан оқушыларды жазбаша мәтінге оқыту үшін түсіну тәсілдерін білу керек.



А.А. Смирнов «Есте сақтау психологиясы» кітабында осындай тәсілдердің бесеуін ажыратады [6]:

1. Мәтін жоспарын ойша құру (оны құрылымдық-логикалық талдау);

2. Мәтін мазмұнын оқырман (мысалы, оқушы) бұрын игерген білімдермен байланыстыру, мәтін мазмұнын оқырманда қалыптасқан білімдер жүйесіне енгізу;

3. Мәтіннің әр түрлі бөліктерін байланыстыру: оқып жатқанды бұрын оқылғанмен жоспар құру кезіндегідей құрылымы бойынша емес, мазмұны бойынша байланыстыру;

4. Мәтінде сипатталған көрнекі бейнелерді, көріністерді пайдалану;

5. Мәтін мазмұнын «өз» тіліне «аудару».

Аналитикалық-синтетикалық әдіс – барлық сыныптардағы орта мектепте физика есептерін шешудің негізгі әдісі. Физика оқулықтарының мәтіндерінде талдау және синтез екі тәуелсіз әдіс ретінде қарастырылады. Физикалық есептерді шешкенде талдау мен синтез бірлесе қолданылады, яғни іс жүзінде аналитикалық-синтетикалық әдіс қолданылады. Бұл әдістің А.А. Смирнов ұсынған тәсілдермен байланыстылығына мысал келтірейік.

Массасы 10 т, шынжыр табанының тірек бөлігінің ұзындығы 2 м, ал ені 50 см трактордың топыраққа түсіретін қысымын табу керек. 1) есеп мәтінінің жоспарын ойша құру (мәтіндегі белгілі және белгісіз физикалық шамаларды ажырату), 2) мәтін мазмұнын оқушы бұрын игерген білімдермен байланыстыру (шынжыр табанның ауданын оның енімен және ұзындығымен, мас-

саны салмақпен), 3) мәтіннің әр түрлі бөліктерін байланыстыру (қысымды қысым күшімен немесе салмақпен және шынжыр табанның ауданымен), 4) мәтінде сипатталған көрнекі бейнелерді пайдалану (шынжыр табанның тірек бөлігі), 5) мәтін мазмұнын «өз» тіліне «аудару» (табаны ұзындығы 2 м, ені 0,5 м тік төртбұрышты массасы 10 т дененің топыраққа түсіретін қысымын табу).

Пайдаланылған көздер:

1. <https://qamshy.kz/article/61394-oqu-sauattylyghy-nashar-aumaghambetov-birqatar-problemalardy-aytty> (пайдаланылған мерзімі: 23.12.2020).

2. Даулеткалиева, Р. Л. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту // Молодой ученый. 2017. №18.1 (152.1). - С. 16-18.

3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

4. Ланда Л.Н. Умение думать. Как ему учить? – М.: Знание, 1975. – 64 с.

5. Леонтьев А.А. Психолингвистические единицы и порождение речевого высказывания. - М: Едиториал УРСС, 2003. - 312 с.

6. «Психология запоминания» (- М.; Л., 1948. 328 е.; 2-е изд. - Проблемы психологии памяти. М., 1966).

Ондасын МҰСАБЕКОВ,
Алматы технологиялық университе-
тінің жоғары математика және физика
кафедрасының профессоры.
Алматы қаласы.



Педагог қызметкерлердің кәсіби біліктілігін көтеру жолдары

Қазақстан Республикасының егеменді мемлекетке айналуы, экономика бағытының нарықтық модельде құрылуы, ұлттық білім беру жүйесіне енуі білім берудің жаңашыл бағыты мен сипатының объективтік факторларымен түсіндіріледі. Қоғамымыздың түбегейлі жаңаруы сол жаңаруға сай мамандар потенциалын дайындамайынша мүмкін емес. Мамандармен қамтамасыз етуде жетекші рольді жоғары мектеп атқарады.

Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, жанұя, мұғалімнің рөлін анықтау, студенттер мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру — педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз.

Болашақ ұстаздың педагогикалық мамандыққа өзін-өзі бағыттап, жұмысты ұйымдастыруы педагогикалық шеберлік негіздерін білумен шарттас. Бұл саланы зерттеуші ғалымдардың пікірінше педагогикалық шеберлік мынадай жүйелерге бөлінеді:

- педагогикалық іс-әрекеттегі гуманистік бағыттылығы;
- педагогикалық кәсіби білгірлігі;
- педагогикалық іс-әрекетке бейімділігі;
- педагогикалық техникасы.

Бұл аталған педагогикалық шеберлік жүйелері бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асады. Ғалымдардың пікірінше, педагогикалық шеберлік жөніндегі ғылыми-зерттеу пайымдаулар мыналар:

- педагогикалық мақсаттылық, бағыттылық;
- тәрбие мен білім беру ісінің нәтижелілігі;
- әдістерді, құралдарды қолдана білудегі үйлесімділік;
- іс-әрекет мазмұнының шығармашылық сипат алуы. Сонымен қатар әлеуметтік-қоғамдық өмірдің жаңаруына байланысты кәсіптік педагогикалық шеберлік деңгейі де дамуы тиіс.

Педагогикалық кәсіптік шеберлікті дамыту міндеттері:

1. Педагогикалық білім бірлігі;
2. Педагогикалық кәсіпке бейімділігі;
3. Ситуацияларды меңгеру;
4. Балалардың психологиялық жағдайын меңгеру.

Мұғалім шеберлігі — бұл өте жоғары білімді сапалар жиынтығы, әрі ұдайы жетіліп отыратын тәрбиелеу мен оқыту өнері. Қазіргі заман мұғалімінің тұлғалық белгісі — ой өрісінің кеңдігі мен оның ауқымды дүниетанымы. Заман ағымымен теңдей қадам басамын деген әрбір адам өте көп ақпараттан хабардар болуы қажет. Қазіргі заман оқу әдістерін жеке меңгеру де осы шеберліктің бір қыры. Енді бір қыры — шәкіртпен қарым-қатынастың, шәкірттің іс-әре-



кетін қуаттау немесе тежеу болып табылады. Ұстаз өмір бойы бала тәрбиесіне ықпал ету, яғни дәлелдеп сендіру, шәкірттің қызығушылығын дамыту, талап ете білу сияқты ұстанымдарды жүзеге асырады. Осы ықпал түрлерін іске асыруда ұстаз нағыз шебер болуы керек. Педагогикалық шеберлік – мұғалімге оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда қажетті кәсіби білім, білік және дағдылардың жиынтығы. Педагогикалық шеберліктің негізі жоғары оқу орнында қалыптасады. Оның мазмұнына:

1. Кәсіби педагогикалық білім;
2. Педагогикалық тәжірибе;
3. Шығармашылық тәжірибе;
4. Тұлғалық қасиеттері;
5. Кәсіби педагогикалық бағыты енеді.

Педагогикалық шеберлікті меңгеру екі деңгейде жүргізіледі:

1. Кәсіби педагогикалық қызметке дайындық кезінде алынған білім, білік, дағды;

2. Кәсіби педагогикалық қызмет барысында алынған білім, білік, дағды.

Педагогикалық шеберлік қатарына төмендегі қасиеттерді атап кетуге болады:

- психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімдарлығы, өз пәнін еркін, терең игеруі;

- мұғалім мамандығына бейімділігі, педагогикалық қабілеттілігі;

- кәсіптік көрегендігі;

- педагогикалық сүйіспеншілік пен балаларға деген сенімділігі;

- ұйымдастырушылық шеберлігі;

- оқу-тәрбие процесінде кездесетін қиындықтарды жеңе білуі, шешімді дұрыс әрі уақытылы қабылдай алуы;

- ұстаздық сезімталдығы, үлкен жүректілігі;

- педагогикалық техника.

Педагогикалық шеберліктің тағы бір көрінісі – мұғалімнің педагогикалық шығармашылық іс-әрекеті, яғни оның тұлға ретінде жеке-даралығы және адамның индивид ретіндегі кейбір ерекшеліктерінің өзгеріске ұшырауы.

Отандық білім беруге қойылатын қазіргі заманғы талаптар Қазақстанның жедел әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету қажеттілігімен, басқарушылық құзыреттілігі бар кәсіби кадрларды даярлау қажеттілігімен және ғылымды қажетсінетін жоғары технологиялық өндіріс және нарықтың инновациялық дамуы жағдайында қызметке бейімдеу шығармашылық дайындығымен байланысты.

Салалық біліктілік шеңберінің паспортына сәйкес педагог білім беру саласының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогикалық қызметкерлерінің тұратын кәсіби тобына жатады.

Қазақстан Республикасында педагогикалық кадрларды аттестаттау мұғалімдердің кәсібилігін бағалау бойынша маңызды рәсім болып табылады. 2018 жылдан бастап аттестаттаудың жаңа ережелері анықталды (№152. 12.04.2018), оларға сәйкес мұғалім бес санатты: педагог, педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер лауазымдардың нақты белгіленген құрылымы шеңберінде жұмыс істейді. Педагогикалық кадрларды аттестаттау білім беру қызметінің сапасын арттыру құралдарының бірі болып табылады. Мұғалімдердің лауазым құрылымында неғұрлым жоғары санат-



тарға жылжуына қарай, олардың терең білімі болуы, оқытудың неғұрлым күрделі және тиімді әдістерін көрсетуі, оқу процесі және мектепте оқушыларды бағалау жүйесі саласындағы міндеттерді өз мойнына алуы, өз әріптестеріне, т.б. көмектесуі тиіс. Мұғалімдердің қызметтік сатымен алға жылжуына қарай мектептегі лауазымдардың кең ауқымын назарға ала отырып, лауазымдардың құрылымы мансапты әртараптандыруға ықпал етеді (мектептегі мұғалімдер үшін басқару функциялары, әдістемелік бірлестіктерге қатысу, жас мұғалімдер үшін тәлімгерлік), бұл педагогикалық қызметке жағымды уәждемелік әсер етеді. Лауазымдар құрылымының неғұрлым жоғары санатын беру мұғалімдерді аттестациялаудың ресми процесінен өтуді көздейді. Мансаптық дамуға байланысты бұл процестер кәсіби даму үшін ынталандыра алады.

Педагог қызметкерлерді аттестаттаудың негізгі мақсаттарына:

- педагогикалық қызметкерлердің біліктілік деңгейін, олардың әдіснамалық мәдениетін, тұлғалық кәсіби өсуін, олардың заманауи педагогикалық технологияларды қолдануын мақсатты, үздіксіз арттыруды ынталандыру;

- педагогикалық еңбектің тиімділігі мен сапасын арттыру;

- педагогикалық қызметкерлердің әлеуетті мүмкіндіктерін пайдалану перспективаларын анықтау;

- негізгі білім беру бағдарламаларын іске асырудың Кадрлық жағдайларына

мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарын есепке алу;

- педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру қажеттілігін анықтау;

- педагогикалық қызметкерлердің еңбекақы деңгейін саралауды қамтамасыз ету жатады.

Қазіргі білім беру жүйесі оқыту мен тәрбиелеудің жаңа мақсаттарын орнатады. Олар өз кезегінде педагогке қойылатын талаптарды анықтайды. Сондықтан педагогтарды аттестаттау бір жолғы есептік іс-шара ретінде емес, кәсіби өсудің тұрақты процесі ретінде қарастырылуға тиіс, өйткені оны дайындау және өткізу барысында қалыптасқан нәтижелерге талдау, тәжірибені жинақтау және педагогтың келесі аттестаттау аралық кезеңіне кәсіби дамуы болжау жүргізіледі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Кәсіби стандартты және ұлттық біліктілік тестін жетілдіру шеңберінде педагогтерді аттестаттаудан өтуге дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. - Нұр-Сұлтан, 2019;

2. Жусупова Ж.А., Педагогикалық шеберлік: Оқулық. - Алматы, 2011.

Жанат Абеновна ТАБЫСПАЕВА,
№64 мектеп-лицей директорының
ғылыми-әдістемелік
ісі жөніндегі орынбасары.
Нұр-Сұлтан қаласы.



Оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын арттыруда химия тапсырмаларын орындау ерекшеліктері

PISA жобасының нәтижелігіне бағытталған жаратылыстану сауаттылығын арттыруда химия тапсырмаларын орындаудың маңызы зор. Осы уақытқа дейін химия сабағында оқушылар теориялық біліммен ғана шектеліп қалатын. Ол қазіргі жаһандану дәуіріндегі даму үдерісіне жауап бере алмайды, сондықтан оқушыларымыз жан-жақты дамыған кез келген жағдаяттан шешім қабылдап, үйретуге бағытталған қоғам тұлғасы қажет екенін ескеріп, осы курсты ұсынамын.

PISA халықаралық бағалауда оқушылардың сыни ойлау, интерпретациялау, болжамдар ұсыну, өз ойын анық әрі жүйелі жеткізу, өз білімдерін күнделікті өмірмен байланыстыру сынды құзіреттіліктерге жауап беру қажет. Ал теориялық білім ол тек қарапайым базалық білім деңгейімен шектеліп қалатыны жасырын емес. Оның басты себебі қолданыс жоқ. Сол себепті бала теорияны толыққанды меңгере алмағандықтан жоғары құзіреттілік деңгейіндегі қолдану, сындарлы ойлау тапсырмаларын шеше алмай қалады. PISA тапсырмасындағы жаратылыстану сауаттылығында химияны оқытуда орын алып отырған осы өзекті мәселені шешуде алдымен бұл жобаның химия пәніне қатысты мазмұнына тоқталып өтсек.

PISA (*Programme for International Student Assessment*) зерттеуінің әрбір кезеңіне халықаралық контексте саралау жұмысы жүргізіліп отыратыны белгілі. Бұл білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын

«Баланың ынтасын арттыру үшін оқылатын нәрседен бір жаңалық болуы керек».

Жүсіпбек Аймауытов

анықтауға мүмкіндік береді.

PISA тапсырмасы мазмұнын зерделейік:

- Күнделікті өмірде қолданыстағы жағдаят жазбасы;
- мұнда есептің шарты, сұрақтың мазмұны нақты бір пәндік білімге сүйенбейді;
- есептің шарты тұлғалық тәжірибемен сәйкестендірілген – ашық;
- әрбір есеп немесе тапсырма өзіндік шешімді талап ететін қандай да бір жағдаятқа негізделеді.

Жаратылыстану сауаттылығына арналған тапсырмаларды орындауда оқушылардан тексерілетін бөлімдері бойынша білу, түсіну ғана емес қолдану, бағалау, мәселелерді шешу, зерттеулер жүргізіп, оларға интерпретация жасай алу талап етіледі.

Өз тәжірибеде кездесіп отыратын қиындықтар, оқушылар:

- алған білімдерін практикада қолдана алмауы;
- логикалық есептерді шешуде қиындықтарға кездеседі;
- пәнаралық байланыстағы тапсырмаларды орындай алмауы.

Жоғарыда келтірілген жағдаяттан шығу үшін мен оқушыларыма қалай көмектесе



аламын деген ой түйдім. Химияны оқытуда оқу үрдісінде оқушылардың сыни ойлау, креативті дағдыларын дамыту үшін, есептерді шығаруда дайын тірек-сызбалар, оқу әдіс-тәсілдердің тиімді қолданылуы маңызды деп білемін. Ол үшін көбінесе оқушыларға кіші шағын жобалау жұмыстарын ұсынып, олардың өздігінен ізденуіне ықпал жасаймын.

PISA тапсырмасындағы жаратылыстану сауаттылығына бағытталған тапсырмаларды шешудің тиімді жолы күнделікті сабақта белсенді оқыту әдістерін қолдану. Бұл оқушылардың заманауи жаңа ақпараттық құрал-жабдықтармен жұмыс жасауы арқылы жүзеге асырылып отыр.

Осы әрекеттерді ұйымдастыру нәтижесінде:

- Оқушылар зерттеу жұмыстары нәтижесінде химия сабағында алған білімдерін практикада қолдануға үйренеді;
- Оқу-зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру негізінде оқушылардың жаратылыстану ғылыми сауаттылық деңгейі көтеріледі;
- Қиындатылған есептерді шығару қабілеттері дамиды;

- Оқушының дүниетанымы кеңейеді, зерттеушілік, ізденушілік қасиеттері қалыптасады.

Қорыта айтқанда, PISA халықаралық салыстырмалы зерттеулеріндегі тапсырмаларды орындаудың нәтижелігін көру үшін сабақта деңгейлік тапсырмаларға креативті ойлау дағдыларын есепке алып қолдануға болады, нәтижесінде осы тапсырмалар ретін тізбектей орындай отырып толық құзырлы тұлға қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, 07.12.2010 ж.
2. ҚР «Білім туралы» Заңы, 2007 ж. (өзгертулер мен толықтырулар, 2013 ж.)
3. «PISA-2018/компьютерлік формат халықаралық зерттеуі құралдары»: Жинақ - «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ. - Астана, 2016 ж.

Гүлшат ТӨЛЕГЕН,
№64 мектеп-лицейінің химия пәні
мұғалімі.
Нұр-Сұлтан қаласы.



Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық идеялары



**Алтынай Мұратқызы
ТАСИМОВА,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ
Философия
мен саясаттану
факультетінің
«Әлеуметтік педагогика
және өзін-өзі тану»
мамандығының 4-курс
студенті.
Алматы қаласы.**

Қоғамда болып жатқан қарқынды өзгерістердің көрінісі, ескі әлемнің құлдырауы және жаңаның жандануы тақырыпқа, жанрға және талантты жазушының тіліне әсер ете алмады. Ұстаз-педагог Жүсіпбек Аймауытов ұлттың рухани әлеуетіне зор үлес қосты. Соғыстан кейінгі күйреу мен азамат соғысының ауыр жағдайларында халыққа білім беру ісін ұйымдастыру бойынша ауқымды жұмыстарға қарамастан, Ж. Аймауытов ғылыми ізденістерді, эксперименттік зерттеулерді өте терең әрі мұқият жүргізді және бірқатар бірегей еңбектер жасады.

Жүсіпбек Аймауытов — жан-жақты қызығушылық танытқан тұлға. Ол бірқатар романдардың авторы болды, С. Торайғыровтың шығармашылық мұрасын насихаттау және шығармалар жинау бойынша көп жұмыс жасады. Оның көркем шы-

ғармалары идеялық, эстетикалық түстердің байлығымен, көркемдік бейнелеу шеберлігімен, тілдің экспрессивтілігімен, стильдің әсемдігімен ерекшеленеді. «Қазақ Ушинский» деп аталған ол педагогика мен психология, өнер саласында ерекше жетістіктерге жетті. 1924-1929 жылдары Аймауытов өзін ғалым-психолог ретінде көрсетті. Ол мектеп және педагогикалық оқу орындарының оқытушылары үшін бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарын жазды. 1924 жылы «Дидактика» және «Тәрбие жөніндегі Нұсқаулық» оқу құралын шығарды. Содан кейін оның «Сабақ жүргізу әдістерінің кешенді жүйесі» кітабы шығады. Ал 1926 жылы Аймауытов бірден бірнеше ғылыми еңбектер шығарады: «Психология», «Психология және өнертану», «Психология және мамандық таңдау» және басқа да жұмыстар. Сонымен, оның «Психология және мамандық таңдау» кітабы Мәскеуде, РСФСР Ұлттар кеңесінің баспаханасында басылды. Аймауытовтың психология бойынша кітаптары тарихи тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар психология бойынша ұлттық терминологияның қалыптасуы тұрғысынан да қызықты. Бұл кітаптар қазіргі уақытта өзектілігін жоғалтқан жоқ. Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық көзқарасы адамға деген сенім мен оны тәрбиелеу мүмкіндігінен басталады. «Тәрбие» ма-



қаласында адамның жануарлардан айырмашылығы туралы айта отырып, ол адамның мінез-құлқындағы барлық жағымсыз жақтар бұл тәрбиенің жетіспеушілігінен туындайды деген қорытынды жасайды. Оның пікірінше, адам табиғаттың емес, білімнің құлы болуы керек. Ғалым тәрбиенің адам өміріндегі рөлін жоғары бағалады. Тәрбие мәселесін мемлекеттік деңгейге дейін көтеру қажеттілігін терең сезіне отырып, Ж.Аймауытов: «тәрбиешіге елдің болашағын сеніп тапсыруға болады, өйткені егер тәрбиелеу нәтижесінде саналы адамдар көп болса – бұл Отанымыздың қорғанысы, тірегі», - деп атап өтті. Ол сондай-ақ өскелең ұрпақты озық жетістіктерге тәрбиелеуге, сол халықтың мінез-құлқының, салт-дәстүрінің ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін жүргізу қажеттілігіне баса назар аударды. Жүсіпбек Аймауытов әлеуметтік педагогика жекелеген ұғымдары мен проблемаларына (топ, ұжым, халық, қоғам) тоқталып, тұлғаның танымдық қызметіне талдау жасады. Ол сондай-ақ арман мен арман сияқты күрделі психологиялық процестерге үлкен мән берді және оларды зерттеу қажеттілігі туралы айтты. Тәрбиенің мақсаты мен міндеттерін анықтай отырып, ол: «тәрбиенің негізгі мақсаты – мінезді, адамгершілікті, еңбексүйгіштікті дамыту», - деді. Ол дидактикаға ғылыми анықтама береді: «Дидактика – бұл оқытудың ережелері мен заңдылықтары, білім беру жүйесі қарастырылатын педагогиканың негізгі бөлімі. Жалпы өзін-өзі тану сабақтарында Ж.Аймауытовтың педагогикалық көзқарастары ке-

нінен қолданылады. Себебі, ең басты негізі ол білім мен тәрбие болып табылады. Осы тұста әр бір сынып бойынша өзін-өзі тану сабақтарының бағдарламасымен Ж. Аймауытовтың шығармашылық бағыты тығыз байланысты. Өзін-өзі тану сабақтарында жалпы тәрбие-бұл өнер, және ол, ең алдымен, сөйлеу, адамның жүрегіне жүгіну өнерін қамтиды. Содан кейін мұғалім жоғары педагогикалық мәдениетке ие болуы керек. Мұғалімнің сөзі оқушының жанына әсер етудің құралы болып табылады. Сөздің тиімділігін анықтайтын ең бастысы оның адалдығы. Оқушылар мұғалімнің сөзінің шыншылдығын сезінеді, шынайы сөзге нақты жауап береді.

Ж. Аймауытов «тарихты оқытуды қай кластардан бастау керек?» деген мәселеге талдау жасап, тарихи мағлұматтар балалар әр тарауда білім алып, әзірленгеннен кейін, жазуға, оқуға әбден төселген соң, тарихи жеңіл әңгімелерді ұғынып айтып берерлік дәрежеге жеткен кезде, төңіректегі тұрмыс пен табиғаттан, географиядан едәуір білім алғаннан кейін үйретілетін болсын дейді. Осы пәнді тарихи әңгімелер есебінде 4-кластан бастап оқыту дұрыс деген тұжырымды қуаттайды».

Жалпы қорытындылай келе, Ж. Аймауытовтың педагогикалық идеяларының өте маңызды рөл атқаратынын айту керек. Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылық мұрасы республиканың ұлттық игілігі болып табылады, оның есімі отандық мәдениет пен әдебиеттің алтын қорына лайықты түрде енді.



Кәсіпке баулу

«Қазақстан-2050 стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Елбасы: **«Білім мен кәсіби іскерлік дағдылар — қазіргі заманғы білім беру мен кадрларды даярлаудың басты бағыты»**, - деп ерекше мән берілді. Осыған орай, кәсіп — адамның қабілеттілігі мен бейімділігіне қарай бір іспен айналысуы екені мәлім. Олай болса, аталмыш сұрақ бойынша әрбір оқушының талабы мен сұранысын қанағаттандыратындай жоспарлы стратегиялық жоспар жасалуы шарт. Бұл дегеніміз — педагогтардың, психологтардың, дәрігерлердің және басқа да қызметкерлердің қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесуде, мақсатты істелетін жұмыс. Кәсіптік бағдар беру жүйесінің құрамды бөліктеріне, кәсіптік ақпарат, кәсіптік ағарту жұмысы, кәсіптік ақыл-кеңес және кәсіптік іріктеу, кәсіптік бейімделу жатады. Кәсіптік ақпарат арқылы оқушылар әр түрлі мамандықтардың маңызы мен мәні туралы түсініктер алады. Мамандық бойынша адамға қойылатын талаптармен таныстырылады. Мамандықтың ерекшелігі, оның қоғамда алатын орны туралы түсініктер беріледі. Кәсіптік ақпарат өте қиын, жан-жақты жұмыс. Кәсіптік ақпараттың мазмұны, ұйымдастыру мен әдістері әр жас кезеңінде әр түрлі болады. Сондықтан да мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізуіміз керек. Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының ішінде кәсіптік ақыл-кеңес ерекше орын алады. Сонымен қатар тұлғаны жан-жақты, үйлесімді дамыту — білімділікті, тәрбиелікті, жалпы

және кәсіби дамуды білдіреді. Өзім жұмыс жасап жатқан білім мекемесінде «Кәсіптік ақыл-кеңес» палатасын құрып, осы кәсіби бағдар жұмысына ата-аналар құрамынан, шептік мекемелер мен өндіріс орындарынан қызметкер мамандарды тарттым. Кей жағдайда кәсіптік ақыл кеңес жұмысы өндіріс орындарында, кәсіптік колледждер мен өндірістік оқу цехтарында, кәсіптік бағдар беру кабинеттерінде жүргізілгендігі практикалық жұмыстар оқушылар үшін маңызды екенін аңғартты. Осы ретте бүгінгі таңда қоғамның басты талаптарының бірі әр азаматтың өмірде өз орнын тауып, қоғамдағы байлықты еселей түсуге еңбек үлесін қосуы, еңбекке адал, саналы қатынасу болып табылады. Еңбек тәрбиесінің басты мақсаты еңбекке даярлау ғана емес, сонымен қатар жас жеткіншектерді біліммен, іскерлікпен және дағды мен қаруландыру қабілеттілігін дамыту, мамандық таңдауға көмек беру болып табылады.

Сондықтан, кәсіби оқытуда білім, білік және дағдылық қасиеттерді жеке тұлға бойына сіңіріп, оны қадағалау, дамыту мәселесі басты орынға ие.

Мектепте оқушылармен бастауыш кәсіптік білім мен еңбек технологиясының типтік оқу бағдарламаларының тарауларына сәйкес жемісті жұмыстар жүргізуіне, мектеп оқушыларын Республикадағы жаңаша әлеуметтік және экономикалық жағдайларда еңбекке дайындауға қажетті білім, іскерлік және дағдысын дамыту басты мақсат болып отыр. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кезең-кезеңімен мамандықтарды талдай білуге үйрету және әр оқушыны өзінің қабілетін, беймін, қызығушылығын мамандыққа сай тани білуге үйрету бұл үздіксіз білім берудің сабақтастығын дағдыға айналдыру



басты талап екені айқын көрініс беруде.

Кәсіби бағдар беруде, ата-ананың ақылы, достарының әсері, қазіргі кездегі сол мамандықтың беделі, оқушының дарыны, мүмкіндігі, қабілеті және сол аймақтағы оқу орнының болуы мүмкіндігінше көп әсер етеді. Оқушыға ең бірінші кезекте, өзін-өзі айқындау мен өз мүмкіндігін жүзеге асыруға дайындауды ертерек қолға алу қажеттілігін айтқым келеді. Қазіргі заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс өте жоғары. Нарықтағы бәсекелестік күн өткен сайын артып келеді. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мыңдаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау — кезек күттірмейтін талаптардың бірі. Ендеше, дұрыс таңдау жасау күнделікті қоғам сұранысына сай жасалған қадамдардан құралатындығын ұмытпау керек.

Ресурс орталығымен байланысты ұйымдастырып, кәсіби бағдарлауды басқару құзыреттілігін дамыту аса қажет бағыттың бірі деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007 ж. (Өзгертулер мен толықтырулар, 2013 ж.)
2. Захаров Н.М. Профессиональная ориентация школьников. — М.: Просвещение, 1988-272 с.
3. Өстеміров К. «Кәсіптік оқыту әдістемесі». — Алматы: «РАДиАл», 2006 ж.

Бану Алимжановна

БАЙМУРАТОВА,

№64 мектеп-лицейі директоры.

Нұр-Сұлтан қаласы.



Сабақты зерттеу (Lesson Study) – мұғалімнің кәсіби білімін үздіксіз жетілдірудің тиімді әдістерінің бірі

Сабақты зерттеу әдісі (Lesson Study) мұғалімдердің кәсіби біліктілігін тұрақты түрде дамытудың тиімді амалы екендігі барша педагогикалық жұртшылыққа мәлім.

Осыдан 3-4 жыл бұрын бұл әдіс туралы еліміздің педагогтары негізінен жапон ғалымы Тошиа Чичибу мен ағылшын педагогы Пит Дадлидің нұсқаулықтары бойынша ғана теориялық білімдерін толықтырса, соңғы кезде Педагогикалық шеберлік орталығында көптеген сапалы оқу құралдары жарық көруде. Бұл басылымдардың еліміздің педагогтарына Сабақты

зерттеу (Lesson Study) әдісінің мазмұны бойынша құнды мәліметтер беріп, олардың тәжірибесінің жақсаруына көп септігін тигізетіндігі сөзсіз. Мәселен, авторлардың бір тобы дайындаған «Lesson Study: өз сабағын зерттегісі келетіндер үшін» атты әдістемелік ұсынымда бұл әдістің қолдану алгоритмі мен қадамдары нақты көрсетілген. Ал Ж. Байғаринованың «Сабақты зерттеу (Lesson study): А-дан Я-ға дейін» атты әдістемелік ұсынымдарында әдістің қолдану тәжірибесінде туындайтын көптеген теориялық және практикалық мәселелер жан-жақты қарастырылған.



Осы секілді құралдардың арқасында еліміздің педагогтары Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісі туралы өз түсініктерін кеңейтуде, оның ерекшеліктерімен танысуда. Күні кеше басқа ұстаздардың сабақтарына қатысушылар негізінен тек мұғалімнің әрекеттерін бақылап, олардың кем-кетік жерлерін тізбектеп, сабақ талқылауда сол кемшіліктерді тілге тиек етіп, мұғалімге ақыл айтып, нұсқау беретін. Ал бүгінде Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісі бойынша сабаққа қатысқандар өздері таңдаған зерттеу проблемасы ауқымында оқушының әрекеттерін бақылап, олардың қалай оқитындықтарына назар аударып, оқушылармен сұхбаттасып, олардың оқудағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындап, сабақты талқылағанда осыларды дерек ретінде қолданып, сабақты жақсартуға қолданады.

Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісінің өз тәжірибемен туындаған мынандай негізгі ұстанымдарына тоқталған орынды деп ойлаймын:

- сабақ беру барысында туындаған қандай да бір өзекті мәселені (теориялық, әдістемелік немесе қарым-қатынас саласындағы проблеманы) шешу мақсатында сабақты бірлесе жоспарлау;

- сабаққа қатысу барысында оқушылардың үйрену әрекеттерін бақылау, олардың жетістіктері мен қиындықтарын айқындау;

- оқушылармен сабақтан кейін (сабаққа дейін де болады) сұхбаттасу арқылы олардың мұң-мұқтаждарын, сұраныс-тапсырыстарын анықтау, оларды сабақ барысында ескеру, жүзеге асыру;

- сабақтан кейінгі талқылауда оқушыларды бақылау мен сұхбаттасу нәтижелерін қолданып, сабаққа жағымды өзгерістер енгізу, сабақ жоспарын жақсарту.

Мұғалімдердің жұмысы осылайша мынандай айналым аумағында жалғаса бере-

ді: «проблема айқындау – проблеманың теориялық мәселелері мен шешу жолдарын коучинг арқылы айқындау – бірлесе жоспарлау – өзара сабаққа қатысу – сабақты талдау – сабақ жоспарын жақсарту». Олардың кәсіби әрекеттері «Бірлесу, ақылдасу, қолдау» ұғымдары аясында жүзеге асырылады. Осылайша Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісі мұғалімдерді тұрақты түрде, толассыз кәсіби шеберлігін дамытуға ынталандырып, ұжымдағы ынтымақтастықты дамыта түседі.

Осы себепті де көптеген мектептер өз жұмысын Сабақты зерттеу (Lesson Study) топтарына (*әрі қарай*: LS топтары – *автор*) негіздей бастаған. Бұл дұрыс та, өйткені мұндай топтарда мұғалімдер өзін-өзі басқарып, өз әлеуеттерін өздігімен дамытатын орта қалыптастырады. Осылайша LS топтарын тоқтаусыз, толассыз, тұрақты түрде өзін-өзі реттейтін, өзін-өзі дамытатын мектептің негізгі құрамдас бөліктеріне айналдырған дұрыс. Мүмкіндігінше барлық мұғалімдерді осы топтардың жұмысына араластырған абзал болар еді.

Мұндай жұмыс мұғалімдердің сабаққа дайындалу және сабақты бақылау мәдениетінің өзгеруіне алып келетіндігі даусыз.

Мәселен, бұрынырақта мұғалімдер сабаққа «түнде, үйде, жалғыз» форматында дайындалса, енді олар сабақ жоспарларын «күндіз, мектепте және бірлесе» форматы ауқымында дайындайды (Б. Асубаев). Қазіргі күні көп мектептер осы қағида-ны ұстанып, сабақ жоспарларын бекітуді әр күннің кешіне қалдыруда: мұғалімдер директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына бекіту үшін өздерінің бірлесе құрастырған сабақ жоспарларын ұсынады.

LS тобының жұмысын мынандай қадамдардан ұйымдастыруға болады деген ұсыныс жасаймын:

I. Сабаққа дейін:



- 1) LS тобын құру;
- 2) Lesson Study-дің мақсатын және күтілетін нәтижелерді айқындау;
- 3) Тандалған проблема ауқымында коучинг өткізіп, мәселенің теориялық мазмұнын ашу, мүмкін шешімдерін таңдау;
- 4) Сабақты бірлесе жоспарлау;
- 5) Бақыланатын оқушылар мен шағын топтарды, бақылау барысы мен интервьюде қолданылатын құралдарды таңдау;
- 6) Оқушылардан сабаққа дейін сұхбат алу (бұл қадам міндетті емес);
- 7) Оқушылардан алған интервью негізінде сабақ жоспарына өзгертулер енгізу (егер оқушылардан сабаққа дейін интервью алынбаса, бұл қадам да қолданылмайды).

II. Сабақ кезінде:

- 8) Lesson Study сабағы;
- а) оқушыларды бақылау.

III. Сабақтан кейін:

- 9) Оқушылардан сабақтан кейін сұхбат алу;
- 10) Сабақты талқылау, сабақ жоспарына өзгерістер енгізу, сабақ жоспарының жақсартылған нұсқасын дайындау.

**Эльвира Турганбековна
ЖАНЫБЕКОВА,**
«Нұрым орта мектебі МДШО» КММ
тарих пәні мұғалімі, мектеп тренері.
Нұрым ауылы,
Кербұлақ ауданы,
Алматы облысы.



Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын көтерудің тиімді жолдары



**Гулзира
Ақниетқызы
ЖАДИЕВА,**
Жаңқожа батыр
атындағы №269 орта
мектептің
директордың
бастауыш оқу
ісі жөніндегі
орынбасары.
Төретап кенті,
Қармақшы ауданы,
Қызылорда облысы.

Бүгінгі оқушы — дамушы жеке тұлға. Мектепте оқу-тәрбие жүйесінің құрамды бөлігі — сабақ және сабақтан тыс тәрбие

жұмыстары болып табылады. Оқушыларға жалпы білім мен тәрбие тағылымын үлгі-өнегелерді сабақта және сабақтан тыс уақытта жүргізілетін жұмыстармен сабақтастыра отырып пайдалану, олардың қоғамдық еңбекпен айналысуға, шығармашылық іс-әрекетін дамытуға, ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыруға игі ықпал етеді.

Білім сапасы дегеніміз — мектепте білім алып отырған шәкірттің немесе мектеп бітірушінің білім алу арқылы әзірлігінің сапасы мен білім беру қызметінің сапасын қамтитын түсінік. «Сапа» ұғымы екі мағынада қарастырылуда. Біріншісі — стандартқа сәйкестігі, екіншісі — оқушының сұранысын қанағаттандыру. Сапалы білім беру — оқыту мен тәрбиелеудің



үздіксіз үрдісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой-талғамы бар адамгершілігі жоғары қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Л.В. Занков төменгі сынып оқушыларының оқуы мен дамуын зерттей келіп, оқушылардың жоғары сапалы білім мен дағды алуын баланың жан-жақты психикалық дамуымен (ақыл, ерік, сезім) байланыстырады. Жалпы даму кез келген пән бойынша білім, білік, іскерлік дағдыларының сапасымен өлшенсе, арнаулы дамыту белгілі бір пәнді меңгеру болып есептеледі. Ол сабағы да, дамуы да нашар оқушыларға оқу-тәрбие жұмысында көңіл аудару қажет деп есептейді. «Оқуы нашар оқушылар оларды дамыту жұмысының үздіксіз жүргізілуін қажет етеді, ал үсті-үстіне даярлық жаттығуларын толтыра беру, онсыз да жетіспейтін дамуын тежейді... Нашар қабылдайтын оқушылардың жалпы дамуына үздіксіз жұмыс жасау ұтымды әсер етумен бірге, білім мен іскерлік дағдыны меңгеруге қолайлы жағдай жасайды.

Бастауыш мектептің негізгі мақсаты — баланың ойлауын жаңа сапалы қарқынға көтеріп, интеллект себеп-сылтаулық байланыстарды ұғыну деңгейін дамыту. Бастауыш мектептегі біртұтас педагогикалық процесс жүйе ретінде оқушы тұлғасының қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Бастауыш сыныпта баланы әр сабаққа уақытысында кіруге, тапсырманы уақыт бойынша орындауына баланың уақыт белгілері туралы білімі әсер етеді. Мектептегі көп талап көбіне баланың ойлауына ауыртпалық түсіреді. Бала әр нәрсенің бір-бірінен айырмашылығын және бір-біріне ұқсас жақтарын біліп отыруы керек. Ол шешімдердің жауабын тауып, оның олай болуына не әсер ететінін қабылдап үйреніп отыруы қажет. Оқушының оқу сапасын арттыруда мектеп пен отбасы ынтымақтастығының маңызы

ерекше. Отбасындағы басты мәселелердің бірі — баланың тіршілік әрекетін, тәртібін, міндеттерін, қойылатын талаптарын, оның үй еңбегіне қатысуын, оқу-әрекетін, бос уақытын тиімді ұйымдастыруын қадағалау.

В.А. Сухомлинский оқушылардың ата-аналарымен жұмыс істеудің маңызына ерекше назар аударып; «Тек ата-аналармен бірге, жалпы, күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бакыт беруі мүмкін», - дейді. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы туралы көптеген ғалымдар зерттеген. Мысалы: Г.К. Байделдинованың «*Болашақ ұстаздарды отбасы мен мектептің ынтымақтастығын ұйымдастыруға дайындаудың ғылыми-теориялық негізі*», Қ.Т. Әтемованың «*Оқушыларға гумандық қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы*» атты ғылыми еңбектерінде отбасы, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі — ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы керек» деп отбасының бала тәрбиесіндегі негізгі сауаттылық деңгейінің арттыруын қадағалауға алады де қарастырылған. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы *оқушының білім алуы мен тәрбиесінде* — ортақ мақсатты бірлесе талдау, өзара пікір алмасу, сезім әлеміне бірлесіп, қуанышта ортақтас болу секілді кең ауқымды эмоция түрлерін қамтиды.

Ынтымақтастықта оқытудың басты мақсаты — оқушылардың ішкі күштері мен қабілеттерін ояту, тұлғаны жан-жақты дамыту мақсатында баланың бар мүмкіндігін пайдалану. Мұндай тұғыр балада өзі туралы жағымды түсініктерге, ары қарайғы даму мен өзін-өзі жүзеге асыруға сәйкес келетін жағымды мен тұжырым-



дамасын қалыптастырады. Оқушылардың білімдеріндегі кемшіліктерді анықтап, мұғалім оны жоюға тырысады, оқушыларға ақыл-ой және практикалық жұмыс тәсілдерін үйретеді. Білім сапасына ерекше мән беріледі, ол мына қасиеттермен сипатталады. Оқушылардың оқуға қатынасы, дербестік, еңбекқорлық, ынталылық, берілген тапсырманы дер кезінде орындау мен оның сапасына деген жауапкершілік сияқты оқушы жеке тұлғасының басты

қасиеттерінің қалыптасуы оқушылардың білімін тексеру мен бағалау қалай жүргізілгеніне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. – Алма-Ата, 1990.
2. Сабыров Т.С. Оқыту теориясы. – Алматы. 2000.



Қазақ тілі сабағында грамматикалық нормаларды оқытудың әдіс-тәсілдері

Грамматиканың әдістемесі тіл білімі және психология ғылымына сүйенумен қатар, педагогика ғылымының принциптерін басшылыққа алады. Дидактика талабының бірі оқытудың саналылығы, яғни оқушылардың сабаққа саналы түрде қарауы, материалдарды саналы түрде меңгеруі болып табылады. Бұл үшін мұғалім балаларды қызықтырып, өзіне тартып, өз ойының барысын байқауға, бақылауға, салыстыруға, бірі мен екіншісінің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуға, қорытынды жасауға, жалпылауға үйретуі тиіс. Дидактиканың күрделі бір шарты-мектептегі оқытудың жүйелілігі мен сабақтастығы. Заттар мен құбылыстарды анық түсіну үшін оны басқа заттармен байланыстырып қарау керек, яғни бөліп алып қарамай, басқа заттар мен құбылыстардың жүйесінде қарастырған жөн.

Оқыту мен білім беру ғана емес, сонымен бірге балаларды жан-жақты жетілдіру

мен тәрбиелеу, шеберлік және дағдымен қаруландыра түсу болып саналады.

Қазіргі кезде мектептерде негізінен мынадай әдістер қолданылады:

- 1) Мұғалімнің хабарлауы;
- 2) Оқушылармен әңгімелесуі;
- 3) Оқушылардың өздігінен істейтін жұмысы.

Хабарлау әдісі бойынша мысалы, грамматика сабақтарында керекті мәліметтерді мұғалімнің өзі баяндап айтып береді. Мұндай әдісте оқушылардың жақсы ұғынуларын қамтамасыз ететін түрлі құралдар қолданылады.

Материалды түсіндіруде мұғалім өтіліп отырған құбылыстың мәнді белгілерін анық, жүйені ашық көрсетуге тырысады: айталық, түбірлес сөздік белгілері, зат есімнің септелуі т.б. Дайын материалдар (мысалы, жеке сөздер, сөйлемдер) беріп, олардың бақылау әрекеттеріне басшылық ете отырып, бірте-бірте қорытындыны балалардың өздері шығаруға жағдай жасай-



ды. Мұнда оқушылардың бұрыннан алған білімдерін қайта жаңғыртады, сұрақтар қояды т.с.с. тәсілдер арқылы балаларды жаңа материалға белсенді араластырып отырады. Әңгіме әдісі немесе сұрақ-жауап әдісі, ал кейде эвристикалық (грек сөзі — эврика — таным) әдіс деп те аталады. Мұғалім сұрақ қояды, оқушылар оқулықтардан оқып немесе өз білгендері бойынша жауап қайтарады. Бұл әдіс балаларды ойландырады, өздіктерінен пікір айтуға итермелейді, олардың белсенділіктерін күшейтеді, зейіндерін сабаққа аударуды қамтамасыз етеді.

Эвристикалық әдіс кейде проблемалық әдіспен ұштасады. Әңгіме кезінде оқушылардың алдына белгілі бір міндет немесе проблема қойылады, оны оқушылар өздері білмеуге тиіс. Мысалы, оларға бақылауға бірнеше сөз немесе сөйлем беріледі, соның ішінде мағынасы жағынан бір сұраққа (мысалы, қайда сұрағына жауап беретін, әр түрлі жалғауда тұрған зат есімдерді (мысалы, қалаға, қалады т.б. табу керек)

Грамматиканы оқытуда жаттығу жұмысының мәні зор. Оқушылар грамматикалық материалды оқулық пен бағдарламаға сай білгендерімен (терминдерді меңгереді, анықтамаларды индуктивтік жолмен есте қалдырады), жаттығу жұмыстары жүргізілмесе, ол ұзаққа бармайды, ұмытылып қалады. Сондықтан да мұғалім оқушыларға грамматикадан саналы да терең, тұрақты да берік білім бергісі келсе, жаттығу, дағдыландыру жұмыстарын жүргізу арқылы олардың дағдыларын қалыптастыратын және қалыптасқан дағдыны тілдің басқа да ұқсас құбылыстарына тасымалдай алатын (ережелерді жаңа фактілерге қолдана алатын) жаттығу әдістерін білуге тиіс.

Жаттығу нәтижесінде оқушылар алған теориялық білімдерін практикада тез де дәл қолдана алу дағдысына ие болады. Жаттығу арқылы балалардың алған білімдері

нығайтылып, нақтыланып қана қоймайды, сонымен қатар өз беттерімен жұмыс жасауға, ойлау қызметіне дағдыланады. Өйткені оқушылар жаттығу процесінде үздіксіз талдау-жинақтау жасайды, бір тұлғаны екінші тұлғамен салыстырады, абстракциялайды, жалпылайды, жаттығу арқылы білімін жүйелейді.

Грамматикалық жаттығулар, оқушылардың қандай тілдік материалмен жұмыс жасауына қарай, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық болып бөлінеді. Фонетикалық жаттығулардың міндеті — балалардың айтылған буындар мен дыбыстарды жақсы айыра алуын және оларды балалар дұрыс, анық айтып берулерін қамтамасыз ету. Фонетикалық жаттығулар арқылы кейбір балалардың, жоғарыда көрсетілгендей, тілдерін тістеп сөйлеу, сақауланып сөйлеу, қайсыбір дыбысты қалдырып кетіп сөйлеу немесе С мен Ш, Р мен Л, Ж мен З сияқты дыбыстарды шатастырып айту кемшіліктері жойылады. Мұндай кемшіліктер оқуға да, жазуға да зиян келтіретіні сөзсіз.

Фонетикадан берілетін мағлұматтар мен фонетикалық жаттығулар тек дұрыс жазу, емле үшін ғана пайдаланып қоймайды, сонымен қатар балаларды әдеби тіліміздің нормасын сақтап оқуға үйрету үшін де (орфоэпия) пайдаланылады. Оқу сабақтарында, балалардың қателері, теріс айтылған сөздер түзетіліп, сөз ішіндегі, сөз шекарасындағы дыбыстардың құбылуы ескертіліп отырады.

Морфологиялық жаттығулардың мақсаты — ана тілінің морфологиялық құрылысын оқушыларға саналы түрде меңгерту. Мазмұны жағынан морфологиялық жаттығулар екі түрлі болады: 1) сөз тұлғасын оқу барысындағы жаттығулар; 2) сөз таптарын оқу барысындағы жаттығулар. Сөз тұлғасын оқу барысындағы жаттығулардың сөздің морфологиялық құрамын,



мағыналы бөлшектерін, морфемаларды саналы түрде меңгеріп алу үшін мәні зор. Сөздің морфологиялық құрамын талдау, көбінесе сол сөздің мәнін дұрыс ұғынып алуға жәрдем етеді, сөздің мағыналы әрбір элементі – түбір, жұрнақ, жалғау – бұлардың әрқайсысы өзінше сөзге мән береді, ал осы мәндердің жинағы бірігіп, сөздің жалпы мағынасын тудырады.

Жаттығу оқушының қызығуын, ынта-сын, ықыласын арттыруға тиіс. Ол үшін жаттығу түрлендіріліп берілуі шарт, өйткені бір сарында жаттығу оқушылардың зейінін, қабылдауын, белсенділігін нашарлатады. Жаттығулар кездейсоқ болмай, белгілі бір жүйемен орындалып отырылуы шарт.

Жаттығу жұмыстары тек таяуда ғана өтілген материалдарға негізделмей, бұрын өтілген кейбір материалдарды да қамтуы мүмкін. Әр жаттығу оқушы еңбегінің нәтижесін көрсетіп отыруға тиіс. Жаттығулар оқушы ойына әсер етуі жағынан аналитико-синтетикалық болған жөн: яғни грамматикалық талдау, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер мен мәтіндер құрастыру; салыстыру арқылы ұқсастық пен ережеліктерді табу, топтау, өз пікірлерін дәлелдей алып, білгендерінен жалпы қорытынды шығара білгізу т.б. Жаттығу жұмысының барысында оқушылардың оқудан алған білімдері бекіп, өз беттерімен жұмыс жасауға қалыптасады (яғни зейін қойып тыңдай білу, жатқа жаза білу, белгілі бір жоспар бойынша сөздерді құрамына, сөз табына, сөйлем мүшелеріне талдау, сұрақ қоя білу, қажетті деректерді оқулықтан, сөздіктен қарап таба алу).

Грамматикалық жаттығулардың ішінде кең тарағаны грамматикалық талдау сипаты жағынан аналитикалық болады, бірақ оған синтетикалық белгілер де тән. Грамматикалық талдау жалпы түрде де, белгілі бір тақырыпқа байланысты жеке де, сондай-ақ ауызша да жазбаша да жүргізіледі.

Ауызша талдауда балалар бұрын оқығандарына тоқталады, сөйлемдегі грамматикалық формаларды көрсетеді, оқытушының сұрауларына жауап береді, өз бетімен мысалдар келтіреді. Жазбаша талдауда балалар жазылған мәтіннен грамматикалық формалардың астын сызады немесе оларды айырып жазады, тиісті формаларын көрсетеді, сұраулар қояды т.б.

Грамматикалық талдау мазмұны жағынан фонетикалық, морфологиялық, синтаксистық немесе аралас талдау болып бөлінеді. Көлемі жағынан толық немесе ішінара талдау болады. Фонетикалық талдауда балалар дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, жазылған сөздердегі дауысты, дауыссыз дыбыс әріптерінің астын сызып қояды, сөздің ауызша және жазбаша буын жігін, дыбыс құрамын ажыратады. Сөздердегі жеке-жеке дыбыстарды мүлтіксіз айыра білу арқылы әріп қалдырмай жазуға төселеді.

Морфологиялық талдауда ауызша сөйлемдердегі затты, заттың белгісін, санын, қимылын көрсететін сөздерді, тапқызу, мәтіннен сондай сөздердің астын сызғызу, олардың сұрауларын ауызша, жазбаша қойғызу сияқты жұмыстар жүргізіледі.

Көрсетілген әдістердің қайсысы болмасын, балалардың ақыл-ойын дамыту мақсатын көздейді. Грамматика жаттығуларының ішінде кең тарағаны грамматикалық талдау болып табылады. Грамматикалық талдау сипаты жағынан аналитикалық болады, бірақ оған синтетикалық белгілер де тән.

Грамматикалық талдау жалпы түрде де, белгілі бір тақырыпқа байланысты жеке де, сондай-ақ ауызша да, жазбаша да жүргізіледі. Ауызша талдауда балалар бұрын оқылғандарына тоқталады, сөйлемдегі грамматикалық формаларды көрсетеді, оқытушының сұрауларына жауап береді, өз бетімен мысалдар келтіреді. Жазбаша талдауда балалар жазылған мәтіннен



грамматикалық формалардың астын сызады немесе оларды айырып жазады, тиісті формаларын көрсетеді, сұраулар қояды.

Грамматикалық талдау мазмұны жағынан фонетикалық, морфологиялық синтаксистік немесе аралас талдау болып бөлінеді. Көлемі жағынан толық немесе ішін-ара талдау болады.

**Карлыга Елеусизовна
ЖАНЫБЕКОВА,**

**«Нұрым орта мектебі МДШО» КММ-
нің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**

**Нұрым ауылы,
Кербұлақ ауданы,
Алматы облысы.**



Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің кіріктіріліп оқытудағы маңыздылығы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы білім берудің ұлттық моделін дамыту бағытындағы мақсаттарды көздейді. Осы тұрғыда білім беруді жаңашаландырып, оның жаңа жүйесін жасап, дәстүрлі жүйеден ерекше болуын қамтамасыз ету басты парыз. Жалпы білім берудің қазақстандық моделі берік, негізді болуы үшін оқушылар санасына өз халқының тарихи тамырын, рухани және адамгершілік қағидаларын, азаматтық және отансүйгіштік идеяларын басқа халықтарға деген ізгі көзқарастарын тәрбиелеу керек.

Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шындалады. Осы елге ертең ие болып, тізгінін ұстар азаматтар — бүгінгі мектеп оқушысы болғандықтан, қазақ-стандық мектептерге үлгі болуға тиісті оқу орындарының бүгінгі жайы, даму бағыттары бүкіл қоғамның, мемлекеттің назарында.

Бүгінгі мектептің, мұғалімнің ең басты қасиетті міндеті — рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды тұлға қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-ғұрпы, әдебиеті, мәдениеті, өнері шыққан түп тамырында екендігі. Сол ұлттың байлықты бүкіл азаматтың өз ұрпағын

тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр баланың жол ашуына түрткі жасау — міне, бүгінгі білім беру, тәрбие ісінің басты міндеті. Әр мұғалімнің сәулелі мұраты — өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың «Менін» ашу «Мендік» тұлғаға жетелеу. Шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады. Ұлы дана Абайдың «Өзіңе сен, өзінді сүйреп шығар, ақылың мен еңбегің екі жақтап» деген сөзі еріксіз ойға оралады.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті — білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу. Демек, ескі сүрлеуден арылып, жаңа жолдан іс бастайтын сәт ұстаздар қауымына туған тәрізді. Мұғалімдер алдында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу қажеттілігі тұр.

XXI ғасырдың табалдырығын аттап, көш басын өркениетті мемлекеттер қатарына бұрған екенбіз, сол ұлы көшті адастырмай алға апарар ұрпағымызды ұлттық тәлім-тәрбие тағылымдарымен сусындатуымыз керек.



Ұлттық білім мектептерде ұлттық тұлғаны дамытуға негіз жасалады. Ол үшін оқушы ең басты тұлға ретінде көрінуі тиіс. Мұғалім үшін заман талабына сай ғылыми-әдістемелік мектеп пен рухани азық алатын қор қажет. Сонда ғана оқушыларды ұлттық білім нәрімен сусындатып тәрбиелей аламыз.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық әдістерін меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа әдіс мұғалімнің өзін-өзі дамытып, жан-жақты маман болу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Бүгінгі таңда оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту мұғалім жұмысына жаңа технология енгізумен тығыз байланысты. Ондағы мақсат: Жаңашыл технология негізінде шығармашылық қызметінің тәжірибесін қалыптастыру, дамыту. Оқытудың және тәрбие берудің жаңаша технологиясын қолдану мұғалімнің ізденісін, шеберлігін шыңдай түседі.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдары қарастырылуда.

Оқушылардың қазақ тілінде ауызекі тілде сөйлеу мәдениетінің дамуы олардың тілге деген қызығушылықтарының артуында. Олар әр түрлі қызықты тапсырмалар мен іскерлік, деңгейлік, өздік жұмыстар арқылы шығарма, мазмұндама жазып пікірлеседі, өз ойларын толық дұрыс жеткізе білуге дағдыланады. Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде қазақ тілін оқыту әдістері ана тілін оқытудан өзгеше. Ол өзге тіл есебінде жүргізіледі. Орыс тілді мектептегі қазақ тілі пәнінің мақсаты оқушылардың қарым-қатынас біліктілігінде. Яғни, тілдік және танымдық біліктілікпен қамтамасыз ету екендігі Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік стандартында көрсетілген.

Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың басты мақсаттары — оқушылардың ақыл-ой

кабілетінің даму деңгейін өсіріп, дұрыс сөйлеу, білім деңгейін тереңдету және сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру.

Осы тұрғыда мұғалім өз тәжірибесінде педагогикалық технологияның жаңа әдістемелерін пайдаланып, жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеуде педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамытып отырады.

Бүгінгі таңда технологиялар өз қолдауын тауып, оқу үрдісінде қолданылуда. Әсіресе, сыни тұрғыдан ойлау технологиясы қолдануға ынғайлы, былайша айтқанда, барша үшін қоғамдық маңызы мен мәні зор идеялар, игеруге болатын нақтылы әдістер және тәсілдер.

Әр сабағымды ізденіп, қызықты өткізуге тырысамын. Өйткені оқушылар әр сабақтан өзіне керекті мағлұматтарды алуы керек. Ол үшін сабақта жаңа технологияларды пайдаланудың мәні зор. Қазіргі заман ақпаратты технология заманы болғандықтан, әр сабақты интерактивті тақтамен өткізіп, керекті жаңалықты интернет арқылы алып, оқушылардың білім деңгейін жоғарлатуға әбден болады. Сонымен қатар «сын тұрғысынан ойлау» технологиясының бағыттарын пайдалану өте тиімді екеніне тәжірибе арқылы көз жеткіздім.

Осы технология бойынша жұмыс істегеннен бері, сабақ өткізу мәнерімде көп өзгерістер бар. Оқушылардың бойында «мен» деген пікір қалыптасты. Оқушы өз ойын, пікірін толық жеткізіп, өзгенің пікірін тыңдап, өз ойын қосып тұжырымдай алатын болды. Өзіндік көзқарасы бар жеке тұлға қалыптасты.

**Нургуль Улдахановна
ЖАКИПБЕКОВА,
«Нұрым орта мектебі МДШО» КММ-нің
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**

**Нұрым ауылы,
Кербұлақ ауданы,
Алматы облысы.**



Improving students' listening skills by distinguishing, differentiating and understanding unfamiliar phrases from the talk

Abstract: *The article focuses on language teaching process at educational organizations, particularly on improving students' listening skills and developing their ability to get more information from a talk. The article will regard different types of tasks provided during studying process and regard main types of listening skills, which are listening for gist and listening for details, focusing on practicing and doing more tasks related to gap filling exercises during the lesson so that students experience less challenges to answer these types of questions during tests and exams. The article will regard the results achieved in the groups where the suggested methods of improving listening skills were applied.*

Key words: *listening skills, listening for gist, listening for details, interrelation between language skills, syllabus method.*

INTRODUCTION

According to linguists, there is a serious distinction between language acquisition and language learning. Young learners acquire their mother tongue through interaction with their families and the environment that surrounds them. Their need to communicate paves the way for language acquisition to take place. As experts suggest, there is an innate capacity in every person being to acquire language.

When it comes to second language learning, almost the same pattern, which is identical to their first language acquisition, takes place. Moreover, teachers focus more on the communicative aspect of the language rather than on just rules and patterns for the students to repeat and memorize. Now communicative method of teaching languages is widespread, the main idea of which is that to acquire language, the learner needs a source of natural communication.

The emphasis is on the text of the communication and not on the form. Young students

who are in the process of acquiring a second language get plenty of "on the job" practice. They readily acquire the language to communicate with classmates.

In fact, there is the tendency in which second language teachers are quite aware of the importance of communication in learners and the belief that students will definitely acquire rules through a hands-on approach just as they did with their mother tongue.

So that to be a successful participant in conversations, students need to develop their listening skills so that to answer fast and correct both at tests and real talks. In his book "Active Listening Techniques" Nixaly Leonardo categorized 4 types of listening: critical listening, reflective listening, passive listening and active listening. He gave such a definition to active listening "...active listening involves a healthy combination of critical, reflective and passive listening. Active listeners use critical listening to interpret a message and make judgements about a speaker's emotions and non-verbal clues; reflective listening to help a speaker feel



heard; and the silence from passive listening to allow the speaker uninterrupted time to get their message across” [1, 11]. Therefore, it is essential to focus and develop active listening skills during the lessons, which demands speaker to listen for gist and for details.

Unfortunately, when it comes to listening skills, a quick look at the current methodologies and language courses available clearly shows that listening for details during most of the lessons is set aside, neglected or even disregarded. In almost all cases, lessons revolve around listening for gist, which really necessary, especially at the start but later it should be strengthened by students' ability to listen for specific details which is assessed during most of the tests and exams which students take.

MAIN PART

During my 6-year teaching practice, it has become clear that students' listening skills usually outperform their reading skills, however, the students' usually experience more problems with such types of questions as note or sentence completion, table or flow chart completion, where they need to focus and distinguish an exact word or phrase, than with question types where they need to get the main idea of the talk, for instance, matching speakers. If to analyze set of skills and the action plan students' can use while answering questions on gap filling, there are such common methods as: to predict gap words, use grammar clues, check the number of words which are necessary to use, which are absolutely effective, but why then there is an excessive number of students who still face the problem of getting less marks in these question types especially during tests and exams?

While working with students from 7th and 11th grades in Nazarbayev Intellectual School, where we usually have no more than 12 stu-

dents in a group, we usually practice listening skills both during lessons and summative assessments for units and terms so that students will have a wide range of tasks to improve their listening skills. There is also the practice to provide students with the syllabus of grammar and lexical topics they will learn during the terms, and it really makes the process of conducting a lesson much more effective as students have enough time to look through the words beforehand and then can easily apply the subject-specific vocabulary during the lesson. Therefore, the first step, which should be taken to improve both students' speaking and listening skills, is to prepare and hand in the syllabus with all new words and phrases being used in advance.

After students have worked and practiced new words and phrases on their own, teachers usually start listening practice from pre-stage during the lesson, which aims to focus students on words they could hear in the talk and give them an opportunity to revise them during the lesson, and only after it, children usually listen to talks and do gap-filling tasks. However, it is a well-known fact that some students need more time to get right answers than others do and as lessons are usually conducted in groups it is a bit challenging to assess every students' progress. Even though teachers use different methods to evaluate students' answers during listening practice such as peer-checking, group checking, usage of various applications as Nearpod to make lessons more interactive, and all these methods are really effective to get progress, but they do not absolutely guarantee that students can take tests or exams, where there are usually gap filling tasks, and get high score. So, one more way to improve listening students' skills is to be sure that students understand every word and can choose the right word to fill in gaps. Therefore, the method



of distinguishing, differentiating and understanding unfamiliar phrases from the talk is essential and should be applied during the listening process.

It is obvious that all language skills are interconnected so that to improve listening skills, students need to improve their vocabulary and it is the right stage where the syllabus, which teachers should hand in before the lesson, should be used. There could be a lot of versions of syllabus being done - in print, software, or online. A good quality syllabus is one hundred times better than google translate as well as they provide definition not a translation, and syllabus can have visuals, audios, they can also be electronic ones, which are quick. When students' uncover a new word, they can look it up in the syllabus to get both its pronunciation and its meaning(s). The syllabus can also have similar words and phrases - and their opposites (synonyms and antonyms) to provide students with a wide range of words. It is a very good idea to write down the new words students discover while listening, the words which are not included in the syllabus. Just by writing them down, they will start to recognize the words when they listen to the talk. Moreover, keeping a syllabus of all new words from the lesson will give students the confidence to learn even more words - especially when they can see how many new words they have already learnt.

During the 2020-2021 academic year, there were two groups of 7th grades I have been teaching English in. There are equal number of students in each of the group - 12 students; all of them have just been enrolled as new students in Nazarbayev Intellectual School after taking a number of tests and getting necessary score. During Terms 1 and 2, all the students were presented new words and phrases during the lesson, and after the lesson, they practiced

them on their own while doing homework. While doing listening tasks in the class, students usually started from pre-listening activities like looking at the poster and guessing the topic of the talk or monologue, then they could have done matching exercises where they matched words with the definitions. After pre-listening stage, they moved on to listening itself, worked with the tasks on listening for gist and listening for details. Finally, there was a post-listening step with such tasks, for instance, as answering open-ended questions related to the topic. In Term 3, students have been provided with glossaries containing grammar topics and vocabulary from all 10 weeks they will work with during the next 10 weeks. Comparing the results of Term 1,2 and Term 3 related to listening task, there has been identified a certain difference. During pre-listening stage in Term 3, after working with the syllabus students spent less time and received higher score while doing tasks on this stage. When the students started to listen to the talk in the class, the results of their answers, especially in the tasks where they listened for details have improved as well. Students completed the gaps more confident and participated in post-discussion in a more active way. The method of providing students with syllabus had a positive impact on their overall listening process and helped to differentiate, define and understand new words and phrases better.

